ХАТТАР МАРАФОНЫ

AMNESTY INTERNATIONAL

‘ЕШКІМ ҰМЫТ ҚАЛМАЙТЫН ӘЛЕМДІ АРМАНДАЙМЫН’

Кюең Сок Пак,
Оңтүстік Корея

Кюең Сок Пак, Оңтүстік Корея

Кюең Сок Пак 1993 жылдың тамыз айындағы дельтапланмен болған апаттан кейін аяқтарын сал ауруы шалмағанша мүмкіндігі шектеулі адамдар өмірі жайлы ешқашан ойланбаған. Ол 22 жастағы оқуы, гитарада ойнау мен достарымен көңіл көтеру сынды заттарды ойлап жүрген азамат болған. Кюең Сок мүгедектігі бар адам ретінде қоғамға қайта сіңісе бастағанда Оңтүстік Кореядағы мүмкіндігі шектеулі жандардың өмірі біршама ауыр, тіпті қауіпті екенін анықтаған. Оның белсенділік жолы осылай басталған.

Мүгедектер құқығы үшін күресетін «Мүгедектерді шектеуге қарсы ынтымақтастық» (SADD) қозғалысының өкілі ретінде Кюең Сок өз қызметін қоғамдық көлікке бағыттаған. Қоғамдық көлікке қол жеткізуді шектейтін кедергілерге қарсы шараларсыз мүмкіндігі шектеулі жандар жұмысқа не мектепке бару сияқты толыққанды өмір сүру нышандарынан аластатылған. Мүгедектер арбасының мыңдаған пайдаланушылары темір жол стансалары мен метродағы қауіпті көтергіштерді қолданамыз деп өмірінен айырылған не жарақаттар алған.

Мүгедектердің құқықтарын қорғау үшін 2021 жылы Кюең Сок пен SADD белсенділері қоғамдық бюджетті ұлғайту талабымен бейбіт наразылық акцияларын бастаған. Олар қоғамдық көліктердің ең тығыз уақытында метроға мүгедектер арбасымен кіріп-шығу арқылы наразылық білдірген. Сеул билігі бұл әрекеттерге теріс көзқарас танытып, кейде тіпті күш қолдану арқылы жауап берген. Наразылық акциялары басылып, полиция белсенділерді станциялардан күштеп шығарған. Саясаткерлер мүгедектердің құқықтарын қорғаушыларды қоғамға зиян келтіретіндер деп көрсетіп, жала жабу науқандарын жүргізген. Сеул қаласының әкімдігі бейбіт наразылық білдірушілерге қарсы бірнеше «блокада талаптарын» қойып, олардың белсенділігін басуға тырысқан.

Кюең Сок полиция мен Сеул метросының қызметкерлері бейбіт наразылық кезінде оны тұншықтырмақ болғанына әрі белсенділігі үшін бірнеше рет сотқа тартылғанына қарамастан күресін жалғастыруда. Ол былай деп мәлімдеді: «Біз бұдан әрі күте алмаймыз. Біз ешкім артта қалмайтын әлемді талап етеміз».

Сеул әкімін Кюең Сок құқықтарын қорғауға шақыр!

СЕУЛ ӘКІМІНЕ ЖАЗ

Әкімді Кюең Сок Пак пен SADD белсенділеріне қатысты заңсыз күш қолдануды тоқтатып, бейбіт жиын еркіндігі құқығын қамтамасыз етуге, барлық сот ісін тоқтатуға және бұқаралық ақпарат құралдарындағы жала жабу науқанын доғаруға шақырыңыз, осылайша белсенділер мүгедектердің өмірдің барлық салаларына толық қатысуын қамтамасыз ету үшін күрестерін жалғастыра алады.

МЕКЕНЖАЙ:
Сеул әкімі
6F, Seoul Metropolitan Government
110 Sejong-daero
Jung-gu
Seoul 04524
Корея Республикасы
ҚАРАТПА: Құрметті Сеул әкімі
EMAIL: seoulcity@seoul.go.kr
FACEBOOK: www.facebook.com/seoul.kr
X: @seoulmania
INSTAGRAM: @seoul_official
ХЭШТЕГТЕР: #RidingSeoulMetroWithPark, #LeaveNoOneBehind, #W4R24

КЮЕҢ СОККА ОНЫҢ БЕЛСЕНДІЛІГІН ҚОЛДАЙТЫҢЫЗДЫ КӨРСЕТІҢІЗ

Қолдау мен үмітке толы хабарлама жіберіңіз. Кюең Сок пен SADD белсенділеріне оларды құрметтеп, бағалайтыңызды жазыңыз.

МЕКЕНЖАЙ:
Кюең Сок Пак
c/o Мүгедектерді шектеуге қарсы ынтымақтастық
5F, 25, Dongsung-gil
Jongno-gu, Сеул 03086
Корея Республикасы
INSTAGRAM: @sadd420
X: @sadd0420S
ХЭШТЕГТЕР: #RidingSeoulMetroWithPark, #LeaveNoOneBehind, #W4R24

Басты беттегі сурет: © Amnesty International (Photo: Yoon Ra)
Соңғы беттегі сурет: © SADD

Желтоқсан, 2024
Индекс: ASA 25/8127/2024 Kazakh